

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ



Әр халықтың өмірінде әдет-ғұрып пен тұрмыс-салт дәстүрлері маңызды орын алған. Бұл дәстүрлер өте ерте замандардан бері адам өмірінің маңызды сәттерімен байланысты болып келген. Олар: шілдехана, үйлену, айт, наурыз тойлары мен жаназалау рәсімдері. Осы дәстүрлер арқылы ғасырлар бойы халықтың өмірлік тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған. Әрбір салт-сананың өз ережелері сақталған. Мысалы, үйлену тойында немесе адам дүниеге салғанда қандай заңдылықтарды ұстану керек? Үйлену тойында: қызды ұзату және келін түсіру жар-жар, сыңар, беташар, тойбастар айту, т.б. көптеген салт-дәстүрлермен жалғасып жатады. Ал адам дүниеге салғанда жоқтау, қоштасу немесе көңіл айту, т.б. рәсімдер жасау міндет болған. Сол сияқты шілдехана, айт немесе наурыз, т.б. тойларда өз жоралғылары жасалып отырған. Бұл жоралғыларды әр адам білген. Өйткені

оларды біліп, сол заңдылықтарды ұстанған адамға бақ пен дәулет қонып, оны жамандықтан, қауіп-қасіреттен, тіл мен көзден тәңірдің өзі аман сақтайды деп сенген.

Көптеген ғасырлар өтсе де, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып дәстүрлері әлі жалғасып келеді. Ол дәстүрлер қазіргі заманға лайықталып та жатады. Дегенмен оларға төн негізгі заңдылықтар сол қалпында сақталған. Өйткені әрбір тұрмыс-салт дәстүрлері адам өмірінде маңызды орын алады. Сондықтан әрбір адам өз өмірін бақытты да жайлы ету үшін осы заңдылықтарды ұстанып, ата-баба дәстүрін бұлжытпай орындауға тырысады.

Әдет-ғұрыптан және наным-сенімдерден туған өлеңдерді «Тұрмыс-салт жырлары» дейміз. Бұл жырлар мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Олар:

Бесік жыры

Үйлену жырлары



Діни наным-сенімдерден туған жырлар



Жаназалау жырлары



Қоштасу әні – сарын

Қазақ өмірінде қыз ұзату мен келін түсіру маңызды оқиғалардың бірі болған. Осыған байланысты түрлі жол-жоралғылар жасалған. Бұл жол-жоралғылар өлең жырлармен сабақтасып отырған. Қыз ұзату кезінде сарын, яғни қоштасу әні, жар-жар және сыңсу жырлары орындалған.

Жайма шуақ жаз кезі еді. Ұлы күйші Динаның ұза-




тылатын уақыты келіп, бүкіл ауыл абыр-сабыр болып жатады. Бұл хабарды естіген Құрманғазы ат арытып арнайы келеді. Құрманғазының арнайы келуінің себебі де бар еді. Өзінің сүйікті шәкірті Динаға домбырасын сыйға тартып: «Мына домбырамды көзімдей көріп, күйлерімді елге таратып жүр», – деп батасын береді. Динаны елінен аттандырып салар уақыты да келеді. Динаның бауырлары да, әкесі Кенже де ерке өскен Динаны қимай, көздеріне жас алады. Бүкіл ауылдағы құрбы-құрдастары жиналып, елінен кетіп бара жатқан Динаға қоштасу әнін айтады. Сонда құрбылары:

– Сарынның басы санаттай, үкі-оу,
Жайылған тоның манаттай, үкі-оу,
Бізден бір шыққан жол емес, үкі-оу,
Әкесі қызын ұзатты-ау, үкі-оу.

Ақ інген өсер боталап, үкі-оу,
Ақ қоян жүрер жоталап, үкі-оу,
Жалғызбын деме, жылама, үкі-оу,
Бауырың барар апалап, үкі-оу, –


деп қоштасу әндерін айтады.

Ұзатылар қызға арналған қоштасу әнді «сарын» деп атаймыз.

Ою қи!  – «Қошқармүйіз».

Кең тараған оюлардың бірі – «Қошқармүйіз». Ғасырлар бойы ата-бабамыз өз өмірін төрт түлік малмен байланыстырған. Төрт түлік қазақ халқының ең басты байлығы болып есептелген. Сол себепті түрлі қолданатын бұйымдарына «Қошқармүйіз» оюын жиі пайдаланған. Бұл оюдың көптеген түрлерін ойлап шығарған.

Біз енді «Қошқармүйіз» оюының ең оңай түрінен бастап қиып үйренеміз. Біздің ата-бабаларымыз арнайы жұқалап киізден жасалған шаршыны екі немесе төрт бүктеп, пышақпен немесе қайшымен қиған. Біз сол дәстүрді сақтай отырып, қағаздан қиып үйренеміз.



Сұрақтар:

- Қандай жырларды тұрмыс-салт жырлары дейміз?
- Тұрмыс-салт жырларының қандай түрлері бар?
- Тұрмыс-салт жырлары қай уақытта айтылған?
- Қыз ұзату мен келін түсіруге байланысты туған жырларды ата.
- Дина ұзатылып бара жатқанда кімнен бата алады?
- Ұзатылып бара жатқан Динаға құрбы-құрдастары қандай ән айтады?
- Сарын дегеніміз не?

Тапсырма:

1. «Салқурец» күйінің үйренген буынын қайтала.
2. Сарын өнін жатта.

Жар-жар



Динанын ұзатылар тойына тігілген отау. Үйде ауылдас құрбы-құрдастары жиылып, оған арналған қоштасу әні – сарын аяқтала бастайды. Бірақ Дина бұған да жұбанбай: «Өз елімдей болар ма», – деп көзіне

жас алады. Сонда жиылып отырған бір топ жігіттердің ішінен біреуі суырылып шығып, Динаға: «Динажан, көп қайғыра берме. Барған жерінде қайын атаң, қайын енен, қайнаға мен қайын сіңлілерің де болар. Олар саған бөтен емес. Өз туысқандарыңнан кем болмайды. Барған жерінде әдептілігіңмен көзге түссең, сыйлы боларсың. Шыққан жеріңе, өз еліңе кір келтірме», – деп сөзін жар-жар әнімен ұластырып әкетеді.

– Қара насыр дегенде, қара насыр, жар-жар,
Қара мақпал сөукеле пашың басар, жар-жар,
Үйде әкем қалды деп қам жемеші, жар-жар,
Жақсы болса қайын атаң орнын басар, жар-жар.

Сол кезде Дина:

– Қара насыр дегенде қара насыр, жар-жар,
Қара мақпал сөукеле пашым басар, жар-жар,
Кісі әкесі кісіге әке дейді, жар-жар,
Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар, –

деп, оның айтқанын құрбы-қыздары қостап әкетеді. Сонымен, балалар, кезінде жігіттер мен қыздардың бір-бірімен кезектесіп айтқан әнін «жар-жар» дейміз.

Ою қи!



– «Қошқармүйіз».



Сен қазіргі заманда «Жар-жар» өнін қалай орындады?
Қалай ойлайсың, қазіргі заманда «Жар-жар» өнін қалай орындады?

Сұрақтар:

- Дина не себепті қобалжып көзіне жас алады?
- Ауыл жігіттері Динаға не деп ақыл айтады?
- Жігіттер сөзін қандай өнге ұластырады?
- Дина не деп жауап береді?
- Жар-жар дегеніміз не?

Тапсырма:

1. «Салкүрең» күйінің үйренген буынын қайтала.
2. «Жар-жар» өнін жатта.



Динаның ел-жұртымен қоштасып аттанар уақыты да келеді. Дина мен күйеуі әкесі Кенженің үйіне кіреді. Сонда Динаның әкесі Кенже: «Қызым-ау, менің қолымнан кетіп бара жатырсың. Жасауыңа қосып не қалайсың, соны ала ғой», – дейді.

Динаның әкесі талай жүйрік ат баптаған атбегі болатын. Оның үш жүзге атағы шыққан «Қара қасқа» деген жүйрік аты бар еді. Сонда Дина әкесіне: «Әке, осы уақытқа дейін бетімнен қақпай, еркелетіп өсірдіңіз. Оған айтар алғысым шексіз. Барған жерде сіздердей мені кім еркелетер дейсіз. Менің жас кезімді, бақытты балалық шағымды еске түсіретін ескерткіш сияқты болсын. Қиса-


ңыз, осы қара қасқа атты беріңіз. Елді, жерді, сіздерді сағынғанда, мауқымды басатын көз болсын», – дейді.

Сонда әкесі Кенже: «Бір ат түгіл, Динажан, бір сен үшін жаным садаға. Қалағаның қара қасқа ат болса, ала гой. Барған жеріңе сыйлы бол. Бізді ұятқа қалдырма», – деп батасын береді.

Сонда Дина әке-шешесін қимай, ел-жұртымен, құрбы-құрдастарымен қоштасып сыңсу айтады:

– Шымылдығын серпи сал көрсін апам, ай-ау,
Көзінің жасын қойнына төксін апам, ай-ау,
Алыс жолға аттанған мені бүгін, ай-ау,
Бір міндеттен құтылдым десін әкем, ай-ау.
Ей, жұртым-ай,
Қош-аман бол, жұртым-ай!..

Динаның басындағы тақиясын шешіп, сәукеле кигізіп, ел-жұрты қоштасып аттандырады. Ұзатылар қыздың елімен қоштасып салған әнін «сыңсу» деп атаймыз.

Ою қи!  – «Қошқармүйіз».



Сұрақтар:

- Динаның әкесі Кенже оның қандай өтінішін орындайды?
- Не себепті Дина қара қасқа атты қалайды?
- Елінен кетіп бара жатқан Дина қандай ән айтады?
- Сыңсу дегеніміз не?

Тапсырма:

«Салкүрен» күйінің үйренген буындарын жатқа орында.

Тойбастар



Бүкіл ел келін түсіруге дайындалып, абыр-сабыр болып жатады. Сол кезде күйеу жігіттің жолдастарының бірі үйге келіп: «Сүйінші, сүйінші, келін келе жатыр», – деп хабар береді.

Барлығы қуанып, келінді күтуге сыртқа шығады. Келінді әкеле жатқан жиын топты көреді. Ауылға жақындай бере Дина келіннің алдынан енесі шығып, шашу шашып, қарсы алады. Динаның бетін ақ торғынмен жауып, үйге кіргізеді. Босағадан аттай бере Дина үлкен инабатпен қайын атасына тізе бүгіп, сәлем етеді. Бұған риза болған атасы: «Көп жаса, балам! Бақытты бол! Кірген қадамың құтты болсын!» – деп батасын береді.

Дина келінді сол жаққа тігілген шымылдыққа кіргізеді. Ауыл адамдары бірінен соң бірі отауға кіріп, шымылдықтан сығалап, келінді көріп: «Ал түсірген келіннің қадамы құтты болсын, ұзағынан сүйіндірсін! Дина келінді атақты Құрманғазының шәкірті деп естіп жатырмыз. Өнерлі келінің өз еліміздің мақтанышына айналып, өрісіңді кеңейтсін», – деп бата-тілектерін айтып жатады.

Мал сойылып, қазан көтеріледі. Жиылған халыққа табақ тартылып, ұлы той басталып кетеді. Сол кезде жиын топтың арасынан өнерлі жігіттердің бірі суырылып шығып:

– Ал, жамағат, тыңдай қал,
Айтатұғын сөзім бар.
Сөз атаусыз болмайды,
Сөздің аты тойбастар.

Үлкенің бар, кішің бар,
Жиналдық жұрт ойынға,
Ақыл айтып берейін
Екі жастың тойында, –

деп тойбастар жырын айтады. Сонымен, балалар, келін түсіру тойына арналған бастау жырды «тойбастар» дейміз.

Ою қи!



– «Қошқармүйіз».



Ойлан да айт!

Қазіргі заманда тойбастар әнін қай кезде орындайды?

Сұрақтар:

- Динаны кім қарсы алады?
- Не себепті атасы Дина келініне риза болады?
- Дина келінді қайда кіргізеді?
- Ауыл адамдары не деп бата-тілектер айтады?
- Той қандай жырмен басталады?
- Тойбастар дегеніміз не?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буынын қайтала.

Беташар



Той жалғасып жатады. Динаны жаңа ағайын-туыстарына таныстыратын уақыт та таяды. Келіннің бетін ашуға елдің ең белгілі ақындарының бірін алдырады. Беташар айтатын ақын жігіт шымылдыңтың ішінен Динаны халық алдына алып шығады. Дина келіннің

бетін ақ жаулықпен жауып, екі жеңгесі екі жағынан сүйеп тұрады. Жаулықтың бір ұшын ақынның домбырасының басына байлайды. Беташар рәсімі басталып та кетеді. Сонда ақын жігіт:

– Айт, келін-ау, айт, келін,
Жұмыртқадан ақ келін,
Беташарды бастайын
Жаңа жұртқа жақ, келін.

Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Қайын атаң мен енеңе
Иіліп сәлем беріңіз, –

деп бүкіл ағайын-туыстарын таныстырады. Өрбір аты аталған адамдарға Дина иіліп, сәлем етіп тұрады. Сонда қайын атасы: «Қарағым Дина, қадамың қайырлы, қойының құтты болсын! Үбірлі-шүбірлі бол! Есігің малды, орамал-дастарқаның майлы болсын! Пейілің ақ, алақаның жазық болсын!» – деп ақ бата-тілегін айтады. Мұнан соң ақын жігіт домбыраның басымен келіннің бетін ашып: «Қарағым Дина, бұл енді сенің ағайын-туысқандарың. Өз әке-шешенді қалай сыйласаң, бұларды да солай сыйла. Атақты Құрманғазының шәкірті деп естіп едік, саған домбырасын сыйлап, батасын алған екенсің. Сол күйші атаңның атағына кір келтірме. Өнерлі, өнегелі келін бол!» – деп ақыл-кеңесін береді. Сөйтіп Дина ауылының абыройлы келіні атанып қана қоймай, бүкіл қазақ халқының мақтанышына айналды.

Ою қи!



– шет ою.



Сұрақтар:

- Динаның бетін ашуға кімді алдырды?
- Атасы Динаға қандай бата-тілегін айтады?
- Динаға ақын жігіт не деп ақыл-кеңесін береді?
- Беташар дегеніміз не?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буындарын пысықта.

Бөдік



Динаның әкесі көптеген жасауымен қоса қара қасқа атты да беріп жіберген еді. Динаның өзімен бірге ертіп кеткен қара қасқа аты өзге жерді жерсінбей, өз елін елеңдеп іздеумен болады. Әкесінің көзіндегі көрген қара қасқа ат Дина үшін аса қымбат еді. Бір күні туған жерін сағынған қара қасқа ат ауырып қалады. Дина қара қасқа аты үшін қатты қайғырады. Динаның күйзелісін көрген атасы: «Қарағым Дина, қара қасқа атың ауырып қалды деп естіп едім. Қасиетті мал өз жерін, өз иесін іздемей тұрмайды екен. Жерін аңсап ауырған болар.

Өкөннің көзіндей көрген қара қасқа ат ауырғалы сенің де мазаң кетті-ау. Олай болса, көп қайғыра берме. Ертең ауыл жастарын жинап, бөдік айтып, қара қасқа аттың ауруын көшірелік. Мүмкін сауығып кетер», – деп басу айтады. Ертеңінде қасқа атты ауыл шетіне алып барып, ауыл жастары күн бата бере «бөдік» айтады.

– Енді көшсең, ей, бөдік, ырғайға көш,

Қатты десең, қырдағы қурайға көш.

Сөйтпін менің тілімді алсаң, бөдік,

Ата тілін алмаған сұмырайға көш.

Көш, бөдік, көш!

Бөдік көшіп барады айға таман,

Шылбыр ала жүгірдім тайға таман.

Қамаласып бөдікті ұстап берші,

Итере сал көпірді сайға таман.

Көш, бөдік, көш! –



деп қара қасқа аттың ауруын көшірмекші болады. Бірақ қара қасқа аттың ауруы бұған да көшпейді. Туған жерін, өз иесін сағынған қара қасқа ат бірнеше күннен кейін өледі. Сонда Дина жастық шағының тілсіз куәсіндей болған қара қасқа атына арнап күй шығарады.

Малға түскен ауруды көшіріп емдеуге арналған өлеңді «бөдік» деп атайды.

Сұрақтар:

- Не себепті қара қасқа ат ауырып қалады?
- Атасы Динаға не деп басу айтады?
- Қара қасқа атты қалай емдейді?
- Дина атына арнап қандай күй шығарады?
- Бөдік дегеніміз не?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Өз біліміңді тексер!

- Тұрмыс-салт жырларының түрлерін ата.
- Сарын дегеніміз не?
- Жар-жар дегеніміз не?
- Елінен кетіп бара жатқан Дина қандай өн айтады?
- Той қандай жырмен басталады?
- Беташар дегеніміз не?
- Қара қасқа атты қалай емдейді?
- Дина атына арнап қандай күй шығарады?

Ш тоқсан

ТӨКПЕ ЖӘНЕ ШЕРТПЕ КҮЙ ДӘСТҮРІ



Балалар! Біз бұған дейін Құрманғазы, Қазанғап, Дина сынды халық композиторларының күйлерімен таныстық. Құрманғазы, Қазанғап, Дина күйлерінің барлығы оң қолды сермеп, төгіп тартылу арқылы орындалады. Сондықтан біз оларды «төкпе күй» деп атаймыз. Домбырада орындалатын төкпе күйлермен қатар шертпе күйлер де бар. Ол күйлер оң қолдың сұқ саусағымен шертіп орындалады. Сондықтан да оларды «шертпе күй» деп атаймыз.

Халық композиторы Тәттімбет



Шертпе күйдің шебері атанған Тәттімбет XIX ғасырдың басында Қарағанды облысы Қарқаралы ауылында дүниеге келген. Тәттімбет әрі күйші, әрі ақын, сөзге шебер, шешен адам болған.

Тәттімбет жайлы қызықты бір әңгімеге құлақ түрейік.

Ел билеген Күшікбай деген атақты бай болған екен. Күшікбайдың ер жетіп қалған жалғыз ұлы ауыр дертке душар болып, қайтыс болады. Сонда Күшікбай: «Орнымды басар жалғыз тұяғымнан айырылдым. Жалғызымнан айырылғанда, бұл жалғанда өмір сүріп не табармын», – деп қатты қайғырып, жатып қалады. Көңілін жұбата келген адамдардың сөзін елемей, бас көтермей жата береді. Күшікбайды жұбатып, орнынан тұрғыза алмаған ел қайтерін білмей, күйзеліп кетеді. Бір мезгілде қайғы үстінде жатқан Күшікбайдың құла-

ғына домбыраның үні естіледі. Домбыраның қос ішегінен төгілген күй Күшікбайдың жүрегін теңіздей толқытады. Сонда Күшікбай: «Бұл неткен мұңды сарын! Менің қайғымнан да асқан қасірет бар екен-ау», – деп басын көтеріп қараса, анадай жерде домбыра тартып отырған баланы көреді. Сонда Күшікбай: «Балам, күйің неткен зарлы еді. Бұл дүниеде менен асқан қайғылы адам жоқ болар деп ойлап ем. Бала жасыңда мұндай зарлы күй тартатындай сенің басыңа не күн туды?» – дейді.



– Тақсыр, сіз бір басыңыздың қайғысын ойласаңыз, мен өз халқымның қасіретін ала келдім. Халықтың қамын ойлайтын басшысы болмаса, елдің жайы не болмақ? Барлығының атынан осыны жеткізейін деп келіп отырмын. Бүкіл ел болып сіздің бас көтеріп ортасында отырғаныңызды күтуде», – дейді. Сонда Күшікбай: «Балам-ай, бір басымның қайғысын ойлап жатып қалып-пын-ау. Қасыма жақынырақ отырып, күйлерінді тартшы», – деп баланың күйлерін тыңдап, басын көтеріп, халқымен қауышады. Сондағы баланың тартқан күйі «Қосбасар» екен. Ал күйші бала он төрт жасар Төттімбет еді.

Ою қи!

Шет ою



– «қошқармүйіз». Бұл оюмен

кілемшенің екі жағын көмкерген. Бұл оюдың ерекшелігі – қиғаннан кейін оюдың екі жағы бірдей «Қошқармүйіз» оюын көрсетіп тұрады. «Қошқармүйіз» оюы үнемі қайталанып, кілемшенің сәнін келтіретін шет ою түріне жатады.





Сұрақтар:

- Төкпе күй мен шертпе күйдің айырмашылығы не?
- Шертпе күйдің шебері кім?
- Тәттімбет қай өңірде, қай ғасырда өмір сүрген?
- Күшікбай не себепті қайғырып жатып қалады?
- Күшікбайдың халқының ортасына оралуына не себеп болды?
- Күшікбайдың алдында орындалған күй қалай аталады?
- Ол күйді кім орындаған?

Тапсырма:

«Салкүрен» күйінің үйренген буынын пысықта.

«СЫЛҚЫЛДАҚ»



Бірде Тәттімбет ел аралап келе жатып, бір қызға кездесіп қалады. Жанындағы бір топ қыз-бозбала Тәттімбетке қалжындап: «Жігітім, байқа, ол атса да, шапса да жығады, қыздың ақылы мен өнері біріне-бірі сай», – дейді. Тәттімбет ат басын осы қыздың үйіне тірейді.

Тәттімбет төрге жайғасып отырғаннан кейін қыз

төсегінің басында ілулі тұрған домбыраны көреді. Ол қыздың домбырашы екенін бірден сезеді.

Дастарқан жайылып, шай да өзір болады. Шай ішіліп бола бере Тәттімбет: «Қарындасым, анау домбыраға қол жалғап жіберші», – деп қыздың домбырасын сұрайды. Қыз домбырасын қолына алып, Тәттімбетке бірден бере салмай: «Сізді жұрт асқан домбырашы дейді. Өуелі ауылдың алты ауызын тыңдаңыз. Мүмкін күй тартыспай-ақ, жеңілгендігіңізді мойындай саларсыз», – деп қалжындап, бір күй тартады.

Сонда Тәттімбет: «Қарындасым-ау, асықпаңыз. Өри-не домбырашылығыңызда мін жоқ. Бірақ біздің шертісті де тындап көрмейсіз бе?» – дейді. Тәттімбет қыздың домбырасын алып, өзі бір күй шертеді. Күй тартысы басталып кетеді. Қыз бен Тәттімбет күй тартысып, бірін-бірі жеңе алмайды. Тәттімбет көдімгідей саса бастайды. Қыз отыз тоғыз күй тартады.

Сол кезде Тәттімбет аяғындағы етігін шешіп тастап, башпайының қырымен бір күй тартады. Жұрттың алдында жалаң аяқ күй тартуға батылы бармаған қыз әрі қонақты сыйлап: «Ағеке, жолды сізге бердім. Жеңілдім», – дейді.

Сонда Тәттімбет: «Қарындасым, өнерің үстем болсын. Сылқылдаған күлкің мен сабырлы мінезің мен ақылыңа арнап, күйдің атын «Сылқылдақ» қойдым. Осы күй саған арнаған сыйым болсын», – дейді. Қыз: «Ағеке, бұдан асқан сый болар ма?! Рақмет сізге. Біраз жатып қонақ болыңыз», – деп Тәттімбетті бірнеше күн жібермей, қонақ қылып, кетерінде жүйрік ат мінгізеді. Сондағы Тәттімбеттің қызға арнап шығарған қырқыншы күйі «Сылқылдақ» екен.

Ою ки!

Шет ою



– «қошқармүйіз».



Сұрақтар:

- Төттімбет кімге кездеседі?
- Төттімбет қыздың домбырашы екенін қалай біледі?
- Күй тартысы қалай басталады?
- Төттімбет қызды қалай женеді?
- Төттімбеттің қызға арналған күйі қалай аталады?

Тапсырма:

«Салкүрен» күйінің үйренген буындарын жатқа ойна.

«Саржайлау»



Төттімбеттің атағы бүкіл қазақ халқына жайылды. Ол ел аралап, алыс сапарларда көп жүреді. Бірде Төттімбет елін, жерін сағынып, қайтып келе жатқан

сапарында бір ауылда айтысып жатқан екі ақынның үстінен түседі. Сонда ақынның бірі тұрып: «Дүниеде не жақсы?» – дейді. Екіншісі: «Ой-арманың туралы досыңмен сырласқаның жақсы», – дейді. «Бұл дүниеде не өлмейді?» – дегенде, екіншісі: «Өлмейтін тау, су, ай, күн, жер», – дейді. Екінші ақынның жауабына риза болмаған Тәттімбет сөз сұрайды. Сонда Тәттімбет:

– Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны,
Ағын судың өлгені –
Ағыны тоқтап қалғаны.
Қара жердің өлгені –
Үстін ақ қар басқаны,
Ай мен күннің өлгені –
Қарайып барып батқаны,
Тек өлмейтін шын асыл
Данышпан адам айтқаны, –

дейді.

Айтысып отырған ақынның екеуі бірдей тұрып, Тәттімбеттің қолын алады. Оның айтқан жауабының дұрыс екенін мойындайды. Тәттімбет тек қана асқан күйші емес, ол сөзге шебер, шешен екендігін танытады. Екі ақын келген қонағының Тәттімбет екенін білгеннен кейін қонақ болып кетуін сұрайды.

Сонда Тәттімбет: «Құрмет-сыйларыңызға рақмет. Елден ұзап шыққалы көп болып еді. Елім мен жерімді аңсап, сағынып келем. Мені жолымнан қалдырмаңыздар», – деп рұқсат сұрап, көп аялдамай, жол жүріп кетеді. Екі ақынның ауылы Тәттімбетті қимастықпен шығарып салады. Тәттімбет көп кідірмей, өз еліне де жетеді. Бір төбенің басына шығып, өзінің Малайсары жайлауына арнап күй шығарады. Ол күйдің атын «Сар-

жайлау» қояды. Бұл күй арқылы Тәттімбет бүкіл қазақ даласының сұлулығы мен әсемдігін бейнелеп тұрғандай.

Ою қи!

Шет ою



– «қошқармүйіз». Егер бұл оюды

үлгі бойынша дұрыс қия білсең, оның екі жақ бөлігінде бірдей «қошқармүйіз» оюы шығады.



Сұрақтар:

- Тәттімбет ел аралап жүріп кімдерге кездеседі?
- Не себепті ақындардың жауабына көңілі толмайды?
- Тәттімбет өзінің сөзге шешендігін қалай танытады?
- Тәттімбеттің елі мен жерін аңсап шығарған күйі қалай аталады?

Тапсырма:

«Салқурең» күйінің үйренген буындарын жатқа орында.

Халық композиторы Дәулеткерей




Қазақтың ұлы күйшісі Дәулеткерей ХІХ ғасырдың басында батыс өңірінде дүниеге келген. Дәулеткерей – атақты хан тұқымынан шыққан төре. Дәулеткерей күйші-композиторлығымен қатар, ел билігіне де араласқан. Дәулеткерей ел билеп тұрғанында арнайы сәлем беруге атақты Құрманғазы іздеп келеді. Дәулеткерей Құрманғазыны үлкен қошеметпен қарсы алады. Дәулеткерей бұған дейін Құрманғазының атағын көп естігенімен, онымен бетпе-бет кездескен емес еді. Амансаулық сұрасып, шай ішіліп болғаннан кейін кезекті домбыраға береді. Дәулеткерей қолына домбырасын алып, бір күй тартады. Дәулеткерейдің күйі Құрманғазыға ұнап: «Мына күйіңіз бұлбұлша сайрап тұр ғой. Бұл не деген күй?» – деп сұрайды. Сонда Дәулеткерей:

«Ай, Құрманғазы, неткен сезімтал едің. Айтпай-ақ таптың-ау. Бұл күйімнің аты «Бұлбұл», – дейді. Ендігі кезек Құрманғазыға келеді. Құрманғазы домбырасын қолына алып, бірнеше күй тартады. Күй аяқталған соң, Дәулеткерей: «Оу, Құрманғазы, күйлерің неткен жігерлі еді. Көз алдыма аттың дүбірін, батырлардың өр мінезін, қазақтың кең даласын елестеткендей болдым», – дейді. Біраз күйлер тартылып болған соң, Дәулеткерей мен Құрманғазы сыртқа шығады. Сол кезде құдық басынан су алып келе жатқан Саржан келін көрінеді.



Сонда Құрманғазы: «Сіздің сыршыл да сезімтал күйлеріңізді естіп жүрміз. Саржан келініңіздің де жүрісіне, сылдыр қаққан сырғасы мен алқасына арнап бір күй шығарыңызшы», – дейді. Сол бойда Дәулеткерей отыра қалып, келініне арнап бір күй тартады. Бұл күй ел арасында «Қосалқа» атанып кетеді.

Ою қи!

Шет ою  – «қошқармүйіз». Бұл шет оюдың ең күрделі түріне жатады. Текеметті, сырмақты өшекейлейтін, олардың жиегіне жүргізілетін өрнектің бір түрі.



Сұрақтар:

- Дәулеткерей қай ғасырда өмір сүрген?
- Дәулеткерейдің ата тегі кім болған?
- Дәулеткерей мен Құрманғазы қалай кездеседі?
- Дәулеткерей қандай күй тартады?
- Дәулеткерей Құрманғазы күйлеріне қандай баға береді?
- Дәулеткерей «Қосалқа» күйін кімге арнайды?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буындарын қайтала.

«Құдаша»



Дәулеткерей Құрманғазыны ұзақ уақыт жібермей қонақ қылады. Екеуі ел аралап, белгілі күйшілермен кездеседі. Атақты Айжан қыздың ауылына барады. Айжан қыз да сол уақытта аты шығып тұрған күйші еді.

Дәулеткерей мен Құрманғазының келгенін естіген бүкіл ауыл оларды сый-құрметпен қарсы алады. Бұл екі күйші Айжан қыздың атағын естіп арнайы келген

еді. Күй тыңдауға жиналған халық Айжан қыздың үйіне сыймай кетеді. Арада біраз күйлер тартылған соң, Айжан өзінің елге кеңінен таралып кеткен «Айжан қыз» атты күйін орындайды. Құрманғазы Айжанның бұлбұлдай сайраған күйіне риза болады. Қолына домбырасын алып, жаңа бір күй тартады. Сонда Дәулеткерей: «Құреке, мынау бұрын-соңды естімеген күй екен. Аты не болды?» – деп сұрайды. Құрманғазы: «Бұл менің Айжан бұлбұлға арнап шығарған күйім ғой», – деді.

Сонда Дәулеткерей: «Онда бұл күйіңнің аты «Айда, бұлбұл, Айжан-ай» болсын», – дейді. Екі күйшіге риза болған Айжан қыз: «Менің сіздерге айтар алғысым шексіз. Біріңіз күй арнадыңыз, біріңіз күйдің атын қойдыңыз. Төре аға, сіздің де күйлеріңізді тыңдауды ар-



мандап жүр едім. Әсіресе, қыз-келіншектерге сіздей күй арнаған адам аз болар. Солардың бірін орындап берсеңіз», – дейді.

Дәулеткерей қолына домбырасын алып, өзінің бір күйін орындайды. Сонда Айжан қыз: «Бұл күйіңізді кімге арнап едіңіз?» – деп сұрайды. Сонда Дәулеткерей: «Байсалды мінезі мен өнерін көріп, өзіндей бір құдашама арнаған күйім еді. Көзімдей көріп орындап жүрерсің», – дейді. Бұл күйді үйреніп алған Айжан қыз халыққа таратады. Сондағы Дәулеткерейдің тартқан күйі ел арасында «Құдаша» деген атпен танымал болды.

Ою қи!



– орта табақ. Оюдың бұл түрін «төртқұлақ»

деп атайды. Оюдың төрт тармағы мүйізді оюлардан құралған. Бұл ою қазақ оюларының ең көне түріне жатады.



Сұрақтар:

- Құрманғазы мен Дәулеткерей кімнің ауылына барады?
- Айжан қыз кім еді?
- Айжан қызға кім күй арнайды?
- Ол күйдің атын кім қояды?
- Дәулеткерей Айжанға арнап қандай күй тартады?
- Ол күй ел арасында қалай аталған?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буынын қайтала.

«Топан»



Дәулеткерей қартайған шағында «Топан» деген күй шығарады. Бұл күйін өзінің қыран бүркіті Топанға арнайды. Дәулеткерейдің аңға салатын Топан атты бүркіті болған екен. Ұзақ уақыт қолына ұстап, талай аңға салған сүйікті Топан бүркіті қартаяды. Топан бүркіттің тырнағының әлі кетіп, қырау шалады. Өз дәрменсіздігіне қапаланған қыран бүркіт бір күні ұшып кетіп қалады. Дәулеткерей Топан бүркітін күтумен болады. Бірақ бүркіті оралмайды. Аяқ жетер жердің бәріне сұрау салып іздейді. Күте-күте күдерін үзген Дәулеткерей киіз үйдің ішінде шалқалап жатып, бір күй тартады. Бір кезде шаңырақтың төбесінен аспанда қалықтап ұшып жүрген Топанын көреді.



Дәулеткерей бүркітін көріп, қуанып кетеді. Дәулеткерейді домбыра үні арқылы таныған Топан бүркіт иесін қымай ұшып жүреді. Топан бүркіт өз иесін қайта қиып кете алмай, өзін-өзі жерге тастап жібереді. Ол Дәулеткерейдің босағасының алдына келіп түсіп, сол жерде жан тапсырады. Сонда Дәулеткерей өзінің сүйікті бүркітіне арнап «Топан» атты күйін шығарады.

Сұрақтар:

- Дәулеткерейдің бүркіті неге ұшып кетеді?
- Күте-күте күдерін үзген Дәулеткерей не істейді?
- Дәулеткерей қыран бүркітіне арнап қандай күй шығарады?

Тапсырма:

«Салкүрең» күйінің үйренген буындарын жатқа ойна.

Өз біліміңді тексер!

- Төкпе күй мен шертпе күйдің айырмашылығы неде?
- Шертпе күйдің шебері кім болған?
- Күшікбайдың халқының ортасына оралуына не себеп болды?
- Төттімбет қызды қалай жеңеді?
- Төттімбеттің елі мен жерін аңсап шығарған күйі қалай аталады?
- «Қосалқа» күйін Дәулеткерей кімге арнайды?
- Құрманғазы мен Дәулеткерей кімнің ауылына барады?
- Дәулеткерей Айжанға арнап қандай күй тартады?
- Дәулеткерей қыран бүркітіне арнап қандай күй шығарады?
- Шет оюдың қанша түрін білесің?

IV тоқсан

ӘН БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ

Композитор Ахмет Жұбанов



«Ақ көгершін»

Барлық өндер халықтың өмірімен тығыз байланысты. Біз өмір сүріп жатқан заман әрдайым өзгеріп тұрады. Осыған байланысты әр кезенді бейнелейтін түрлі өндер де туындап жатады.

Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» әні ХХ ғасырда туған таңдаулы өндердің бірі еді.

Ахмет Жұбанов пен ақын Н. Баймұхамедовтың бұл



тақырыпты алуының өзі жаңалық еді. Өйткені қазақ халқы көбіне аққу құсын киелі санаған. Аққуды өлтірмеген, етін жемеген. Аққуды махаббаттың, адалдықтың, бақыттың белгісі деп санаған. Қазақ халқы аққуды құт, береке, ырыс әкеледі деп сенген.

Ал Еуропа халқы ақ көгершінді хабар әкелетін жаршы құс деп бағалаған.

Ақ көгершін адамдар үшін хабар тасып, оларға адал қызмет еткен. Сол үшін адамдар оны қасиетті құсқа теңеген. Ақ көгершін адалдық, тазалықтың, бейбіт өмірдің белгісі болды. Ахмет Жұбанов та өзінің «Ақ көгершін» әнінде:

– Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат күс сен едің.
Бар, кезіп қайт ел үшін,
Кең дүниенің көлемін, –

деп жырлайды.

Ою қи!



– орта табақ. Егер «төрткұлақ» шеңбермен

көмкерілсе, ол күнді бейнелеген болып шығады. «Күн» ою-өрнегі кілемнің, тұскиіздің дәл ортасына, батырлар шапанының жауырынына салынады. «Күн» оюын кесте тоқуда немесе ағаштан, сүйектен жасалған заттарды бедерлеуде қолданған.



Біліп ал!

Жаңа ХХ ғасырда қазақ музыка мәдениеті үлкен өзгеріске ұшырайды. Қазақстанда кәсіби музыка қалыптасады. Қазақ музыкасында опера, симфония, балет секілді жаңа музыкалық жанрлар пайда болды. Сол себепті қазақ әндеріне де бірталай өзгерістер енеді. Жаңа заманға сәйкес жаңа тақырыптағы әндер пайда болады. Бұл әндер оркестрдің, ансамбльдің, фортепианоның, баянның сүйемелдеуімен орындала бастайды. Жаңа заманның кәсіби музыка мәдениетінің іргетасын қалаған композитор, ғалым Ахмет Жұбанов болды.

Ахмет Жұбанов Латиф Хамидимен біріге отырып, «Абай» және «Төлеген Тоқтаров» операсын жазды. Ахмет Жұбанов өзі құрып, жетекшілік еткен Құрманғазы оркестрінде Құрманғазы, Дина, Қазанғап, Тәттімбет күйлерін өңдеп орындады. Сонымен қатар Еуропа композиторларының шығармаларын ұлт аспаптар оркестрінің орындауында халыққа таныстырды.

Сұрақтар:

- «Ақ көгершін» әні қай ғасырда дүниеге келген?
- Қазақтар қандай құсты киелі санаған?
- Ақ көгершінді не себепті қасиетті құс деп есептеген?

Тапсырма:

«Жар-жар» әнінің үйренген буынын қайтала.

«Қарлығаш»

Жақсы ән халық арасына тез тарап, лезде танымал болып алады. Ал ең бастысы, жақсы ән қанша уақыт өтсе де, ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді. Ескі әнді жаңа әннен оп-оңай ажыратып алуға болады. Өйткені жаңа әннің мазмұны, оның әуені сол заманға лайық, жаңашыл болып келеді. Қазақ халқында әндер домбыра немесе сырнайдың сүйемелдеуімен орындалған. Бертін келе көптеген халық әндері фортепиано мен оркестрдің сүйемелдеуінде орындала бастады. Ал қазіргі заманда сол ескі әндерге эстрадалық аранжировка жасалып, жаңа қырынан танылды.

Осындай әндердің бірі – Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» әні. Ахмет Жұбановтың бұл әні халық арасына кеңінен таралып кетті. Бұл ән халық әндеріне ұқсас жайма шуақ, жайдары, көңілді ән болғандықтан, шыққан бойда халық сүйіспеншілігіне бөленді.

Қарлығаш – қазақ қызының есімі. Бұл әнде Қарлығаш атты сұлу қыздың бейнесі суреттелген. Бірақ ән орындалғанда тек бір ғана Қарлығаштың сұлулығы емес, бүкіл қазақ қызының сұлулығы көз алдыға келгендей болады.

– Құралай көз, қолаң шаш,
Алма мойын, қиғаш қас,
Сүйген сәулем, Қарлығаш...

Бұл ән қазақтың барлық сұлу қыздарына арналғандай. Сондықтан да осы уақытқа дейін «Қарлығаш» әні халық арасында өз бағасын алған.

Ою қи!



– орта табақ.

Текемет киізден жасалады. Ол – жерге төсеуге арналған киіз үй жабдығы. Текеметке ою салу үшін түрлі түсті шаршыны пайдаланады. Шаршы – ою жасауға арналған жұқа киіз түрі. Шаршыны үлгіде көрсетілгендей бүктеп, оған оюдың суретін түсіреді. Содан соң ойылған оюды киіздің үстіне орналастырады. Ал қолтықшаларын оюды көмкеруге пайдаланады.



Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың, қазіргі уақытта әндер мен күйлерге не себепті эстрадалық аранжировка жасалады?

Жаңа өңдеуде қандай әндер мен күйлерді тыңдадың?

Ол әндер мен күйлер саған ұнай ма?

Біліп ал!

Ахмет Жұбанов ең алғаш халық аспаптар оркестрін құрып, оған жетекшілік етті. Бұрын-соңды домбыра, қобыз, сыбызғы секілді аспаптар жеке-дара орындалатын болса, енді бұл аспаптар оркестрдің құрамында бірге орындалатын болды. Сонымен қатар Ахмет Жұбанов

жаңа заман әндерін тудырды. Алайда жаңа заман әндерінің мазмұны мен әуен-сазы халық әуендерінің негізінде жазылды.

Сұрақтар:

- Ескі әндер мен жаңа заман әндерін қалай ажыратуға болады?
- Не себепті «Қарлығаш» өні халықтың сүйіспеншілігіне бөленді?
- Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» өні қандай әндердің негізінде жазылды?

Тапсырма:

«Жар-жар» өнінің үйренген буынын қайтала.

«Менің Қазақстаным»



Әр өннің өз тағдыры бар. Шәмші Қалдаяқов «Менің Қазақстаным» өнін осыдан елу жыл бұрын шығарған болатын. Шәмші мен өннің өлеңін жазған ақын Жүмекең Нәжімеденов бұл өнді елінің, жерінің сұлулығына арнайды. Олар менің жерім, менің елім, менің Қазақстаным деп өн шығарады. Бұл өн халықтың көңілінен шыққандығы соншалық, кез келген мерекелерде, жиын-тойларда, көпшілік алаңдарда, концерттік сахналарда орындалады. Бұл өн бүкіл қазақ халқы үшін рухын асқақтатар ұлы өнге айналады.

Ал бүгінгі таңда бұл өн қазақ халқының жүрек жырына ұласып, жігері мен намысын көтерер Әнұран болып, қайта жаңғырды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назар-



баев бұл өнді егеменді еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің беріктігін бейнелейтін жігерлі сөздермен толықтырып, нақтылай түсті.

Ою қи!



– орта табақ.

Сырмақ – киізден жасалған үй жабдығы. Сырмақтың оюын түрлі түсті матадан немесе жұқа киізден жасаған. Сырмақ жасау үшін қойдың ақ жүнін пайдаланған.



Біліп ал!

Композитор Шәмші Қалдаяқов 1960–1970 жылдар аралығында өзінің әндерімен халыққа кеңінен танымал болды. Шәмші Қалдаяқовтың әндерінің көпшілігі Еуропада қалыптасқан вальс ырғағында жазылды. Сондықтан да болар, Шәмшінің әндері тек айтылып қана қоймай, оның әндерінің ырғағына билейтін де болды. Шәмшінің «Ақ маңдайлым», «Ақ сұңқарым», «Менің Қазақстаным», «Қайықта», тағы басқа



көптеген әндері республикамыздың барлық өңіріне тарап, халқымыздың сүйіп айтатын әндеріне айналды. Шәмші – қазақ жерін, ел ішін көп аралаған адам. Шәмшінің ел аралап көп жүруінің себебі де бар еді. Ол кең байтақ қазақ жерінің әрбір өңірін аралап жүріп, оған өз әндерін арнады. Мысалы, «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Ақ ерке», «Мойынқұмда» секілді әндері арқылы осы өңірлердің сұлу табиғатын, адамдарына деген махаббатын, сүйіспеншілігін жырлайды.

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың, не себепті Өнүран айтылғанда, барлығы орнынан тұрады?

Сұрақтар:

- Шәмші Қалдаяқовтың өз жері мен елін мақтан етіп шығарған өні қалай аталады?
- Не себепті «Менің Қазақстаным» өні республикамыздың Өнүранына айналды?
- Өнүранның мәтініне кім өзгерту енгізді?
- «Менің Қазақстаным» өні Өнүран болып қашан қабылданды?

Тапсырма:

«Жар-жар» өнінің үйренген буынын қайтала.

«Ана туралы жыр»

Композитор Шәмші Қалдаяқовтан: «Қандай өн жаныңызға сіз үшін ең қымбат?» – деп сұрай қалсаңыз, ол «Ана туралы жыр» деп айтқан болар еді. Өрбір адам үшін бұл өмірде ең қымбат та аяулы адам – ана болып табылады. Ал Шәмші үшін оның анасының орны

ерекше болды. Сондықтан Шәмшінің анасына ән арнауы да кездейсоқ емес еді.

Шәмшінің әкесі Қалдаяқ өнге аса жақындығы болмаса да, он саусағынан өнері тамған ұста, зергер адам болған. Шәмшінің өнге деген құмарлығы анасынан дарыды. Анасы өте өнерлі, әнші, той-думанның көркі болған. Шәмші жастайынан анасының айтқан әндерін тыңдап өседі. Есейе келе Шәмші өзінің әсем әндерінің бірін анасына арнайды. Ол өзінің анасына деген сүйіспеншілігі туралы:

– Есейіп кетсем де,
Мен саған сөбимін.
Көңіліңді көктемдей,
Көзіңнен танымын, –

деп, анасына өмір бойы борыштар екендігін білдіріп:

– Өтеуге борышың,
Анашым, жан сырым:
Іздедім сен үшін
Әлемнің асылын, –

деп өнге қосады.

Бұл ән ел арасына кеңінен тарап, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Өйткені Шәмшінің өз анасына білдірген жан сезімі мен пәк көңілін әрбір адам өз анасына айтқан болар еді.

Ою қи!



– орта табақ.

Тұскиіз – қабырғаға ілетін киіз үй жабдығы. Тұскиізге күрделі оюлар түрін қолданған. Тұскиізге



барқыт немесе басқа да маталарды және түрлі түсті бауларды пайдаланған. Түскиіз оюын кестелеп әшекейлеген. Көбіне түскиізге өсімдік тектес оюлар түсірген.

Ойлан да айт!

Анаңа деген ыстық ықыласыңды қандай сөздермен жеткізер едің?

Сұрақтар:

- Шәмші Қалдаяқовтың кең тараған қандай әндері бар?
- Шәмшінің өнер жолын таңдауына кімнің әсері болды?
- Шәмші анасына қандай ән арнайды?

Тапсырма:

«Жар-жар» әнінің үйренген буынын қайтала.

Композитор Нұрғиса Тілендиев



«Алатау»

Қазақ халқында елге, жерге, табиғат сұлулығына арналған әндер көптеп саналады. «Жер жаннаты Жетісу» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Жетісу бойына біткен сұлулық – бұл асқар алып Алатау шыңдары. Жазы мен қысында Алатау шыңдарын апақ қар басып, көк аспанмен астасып жатады. Мұндай сұлулық расында да, бүкіл қазақ халқына мақтаныш болар сұлу да сырлы табиғат. Қай композитор болмасын өз шығармаларында Алатаудың сұлулығына соқпай кетпейді. Атақты күйші-композитор Құрманғазы да Алатауға арнап, керемет күй шығарған болатын. Ал ақындар бол-

са Жетісудың әсем табиғатын жырға қосумен келеді. Композитор Нұрғиса Тілендиев пен ақын Нұрсұлтан Өлімқұлов Алатауға арнап ән шығармақшы болады. Ақын мен композитордың ойы бір арнада тоғысып, «Алатау» деген атпен әдемі ән дүниеге келеді. Әннің әуені мен өлеңі бір-бірімен үндесіп, асқар Алатауды:

– Шыңыңа көз жетпес,
Көркіңе сөз жетпес,
Басыңнан қар кетпес,
Өзіңе тау жетпес... –

деп биік бағалайды. Қанша уақыт өтсе де, бұл ән ха-





Әннің тууына екі адам себепкер болады. Оның бірі – ақын, екіншісі – композитор.



лықтың жүрегінен орын тауып, әлі күнге дейін жастардың сүйіп орындайтын әніне айналып отыр.

Ойлан да айт!

Өзіңнің туған жеріңе арналған қандай әндерді білесің?

Сұрақтар:

- «Жер жаннаты Жетісу» деп неге айтқан?
- Алатауға арнап қандай композитор күй шығарған?
- Не себепті Нұрғиса Тілендиев Алатауға арнап ән шығарды?

Тапсырма:

«Жар-жар» әнінің үйренген буынын қайтала.

Жас ақын Қадыр Мырзалиев пен композитор Нұрғиса Тілендиев бірігіп, дүниеге бір ән келтіреді. Осы ән арқылы екеуі де халыққа танымал болды. Жақсы ән шығару оңай емес. Әрбір әннің негізі болып табылатын оның өлеңі. Сол себепті жақсы ән болу үшін өлеңнің ұйқасы мен мазмұны бір-бірімен үндесіп, әннің ырғағына сай болуы керек. Сол уақытта ғана жақсы ән өмірге келеді.

Қазақ халқы үшін қай уақытта да өмірлік тірек болар қарт-қариялары. Ақын Қадыр Мырзалиев ер жетіп, есейіп кеткендердің әжесіне еркелеп, арқа сүйейтінін өзінің өлеңімен білдіреді.

Ал композитор Нұрғиса Тілендиев өлеңнің мазмұнына тереңдей түсіп, оған сұлу сазды әсем ән шығарды. Ол ән халықтың жүрегінен орын алып, мәңгілік әнге айналды. Осылайша ақын мен композитордың бірлесіп шығарған әні «Әжеме» деген атпен дүниеге келеді.

Ою қи!



– орта табақ.



Біліп ал!

Нұрғиса Тілендиев – қазақ халқының белгілі композиторы. Ол Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне және «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестріне арнап көптеген шығармалар жазды. Әсіресе, «Ата толғауы», «Әлқисса» атты шығармалары кеңінен танымал болды. Мысалы, «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Алпамыс мектепке барады», т.б. көркем фильмдер мен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» сияқты көптеген мультфильмдерге музыка жазған.

Нұрғиса өзінің шығарған әндерімен де жақсы таныс. Оның әндерін бөбектер де, мектеп оқушылары да, жастар да сүйіп орындайды. Нұрғисаның «Ақ мамам», «Алатау», «Құстар әні», «Өз елім», «Саржайлау», «Куә бол» сынды әндері ел арасында кеңінен тарап, халқымыздың ең сүйікті әндеріне айналды.

Сондай әндерінің бірі – «Асыл әжем».

Ойлан да айт!

Жақсы ән дегенді қалай түсінесің?

Сұрақтар:

- Н. Тілендиевтің қандай шығармаларын білесің?
- Ол қандай көркем фильмдер мен мультфильмдерге музыка жазды?
- Н. Тілендиевтің қандай әндерін білесің?

Тапсырма:

«Жар-жар» әнінің үйренген буындарын қайтала.

Жар-жар



Жар-жар – қыз ұзатылып бара жатқанда айтылатын тұрмыс-салт жыры. «Жар-жар» жыры бүгінгі күнге дейін үйлену тойында үзілмей айтылып келеді. Олай болса «Жар-жар» жырының сөзімен таныс болайық:

– Осы өмірге лайық отты жағып, жар-жар,
Келеді өне екі жас топты жарып, жар-жар,
Үлкені мен ауылдың жасы мұнда, жар-жар,
Жас келінді көруге асығуда, жар-жар.

Құтты болсын тойларың замандастар, жар-жар,
Жаңалыққа жар болып қадам бастар, жар-жар,
Бір аттаған босаға берік болсын, жар-жар,
Үйлеріңе құт-бақыт келіп қонсын, жар-жар.

Ою қи!



– орта табақ.



Сұрақтар:

- «Жар-жар» жыры қай кезде айтылған?
- «Жар-жар» жыры бүгінгі күнде айтыла ма?

Тапсырма:

1. «Жар-жар» өнін сөзімен қосып орында.
2. «Жар-жар» өнінің сөзін жатта.

Өз біліміңді тексер!

– XX ғасырда қазақ музыка мәдениеті қандай өзгеріске ұшырады?

– Қазақ музыкасында қандай жанрлар пайда болды?

– Ахмет Жұбанов қазақтың кәсіби музыкасының қалыптасуына қандай үлес қосты?

– Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» өні қандай әндердің негізінде жазылды?

– Ахмет Жұбанов қандай опералар жазды?

– «Ақ көгершін» өні қандай үлгіде жазылды?

– Қазақтар қандай құсты киелі санаған?

– Шәмші Қалдаяқовтың әндері қай кезде кеңінен танымал болды?

– Оның әндері қандай ырғаққа негізделіп жазылған?

– Не себепті «Менің Қазақстаным» өні республикамыздың Әнұранына айналды?

– Әнұранның мәтініне кім өзгерту енгізді?

– Шәмші анасына қандай ән арнайды?

– Нұрғиса Тілендиев кім?

– Н.Тілендиевтің кеңінен танымал қандай шығармаларын білесің?

– Ол қандай көркем фильмдер мен мультфильмдерге музыка жазды?

– Н.Тілендиевтің қандай әндерін білесің?

– «Асыл әжем» әнін кім жазды?

Мазмұны

I ТОҚСАН. АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ӨМІР	4
Халық композиторы Ақан сері.....	4
«Маңмангер»	5
Ақан серінің Құлагерден айырылуы	9
Ақан серінің өні «Балқадидиша»	14
Халық композиторы Біржан сал	18
«Адасқак»	19
«Ләйлім шырақ»	24
«Теміртас»	28
II ТОҚСАН. ҚАЗАҚТЫҢ ТҮРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ ...	32
Қоштасу өні – сарын.....	34
Жар-жар	37
Сыңсу	40
Тойбастар	42
Беташар.....	45
Бөдік	48
III ТОҚСАН. ТӨКПЕ ЖӘНЕ ШЕРТПЕ КҮЙ ДӘСТҮРІ	51
Халық композиторы Тәттімбет.....	52
«Сылқылдақ»	56
«Саржайлау»	59
Халық композиторы Дәулеткерей.....	62
«Құдаша»	65
«Топан»	69
IV ТОҚСАН. ӨН БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ	72
Композитор Ахмет Жұбанов	72
«Ақ көгершін»	72
«Қарлығаш»	76
«Менің Қазақстаным»	79
«Ана туралы жыр»	83
Композитор Нұрғиса Тілендиев	86
«Алатау»	86
«Өжеме»	89
Жар-жар	92